

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 763 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 тамызда № 11982 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2024 жылғы 18 қыркүйектегі № 358 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 18.09.2024 № 358 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Телерадио хабарларын тарату туралы" 2012 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұйрықтың көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында жариялануын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 2-

тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму

министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

_____ И. Тасмағамбетов

2015 жылғы 30 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік

комитетінің төрағасы

_____ Н. Әбіқаев

2015 жылғы 24 шілде

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрінің

міндетін атқарушы

_____ Р. Жақыпов

2015 жылғы 23 шілде

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің 2015 жылғы
16 шілдедегі № 763
бұйрығымен бекітілген

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Телерадио хабарларын тарату туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 27-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Халықты хабардар ету адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтауға, шаруашылық объектілері мен қоршаған ортаны қорғауға, қоғамдық тәртіпті қолдауға қажетті жүріс-тұрыс қағидалары, іс-қимылдар мен шаралар тәртібі туралы ақпараттандыру мақсатында жүзеге асырылады.

3. Халықты хабардар ету үшін телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану ағымдағы теле-, радиобағдарламаларын таратуды тоқтатып, телерадио хабарларын таратудың барлық желілері мен арналары арқылы бейне, мәтіндік және дыбыстық хабарламаларды беру арқылы жүзеге асырылады.

4. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдаланып халықты хабардар етуді:

1) азаматтық қорғау аясындағы уәкілетті орган "Азаматтық қорғау туралы" 2015 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес;

2) ұлттық қауіпсіздік органдары "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес;

3) "Төтенше жағдай туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тағайындалатын жергілікті жердің коменданты жүзеге асырады.

5. Осы Қағидалар меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын, барлық теле-, радиокөпманиялар мен телерадио хабарларын тарату операторлары үшін міндетті болып табылады.

2. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы халықты хабардар ету, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделерінде телерадио хабарларын тарату желілерін пайдалану тәртібі

6. Осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген уәкілетті органдар мен лауазымдық тұлғалар телерадио хабарларын тарату операторларына және теле-,

радио компанияларына табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өміріне, денсаулығына төнген қатер және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар тәртібі туралы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп мүдделерінде бейне, мәтіндік және дыбыстық хабарламалардан тұратын ақпарат тасымалдағыштарды және хабардар ету техникалық құралдарын ұсынады.

7. Телерадио хабарларын тарату операторлары мен уәкілетті органдардың өзара іс-қимылдар тәртібі телерадио хабарларын тарату операторы уәкілетті органдармен бірлесіп әзірлейтін және бекітетін тиісті регламенттерде айқындалады.

8. Уәкілетті органдардың жедел кезекшілерінен хабар алғаннан кейін телерадио хабарларын тарату операторлары және теле-, радиокөпманиялар жедел түрде теле-, радиобағдарламалардың таралуын тоқтатуды жүзеге асырады және ақпарат тасығышпен тиісті ақпаратты халыққа таратуды қамтамасыз етеді.

9. Кейінге қалдыру мүмкін емес айрықша жағдайларда төтенше жағдайлар қаупі мен туындауы, сондай-ақ қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және құқықтық тәртіпті қорғау мүдделеріне қауіп төндіретін жағдайлар туралы халықты жедел хабарландыру үшін ведомстволық техникалық теле-, радиобағдарламаларын таратуды тоқтату құралдарымен жабдықталған Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі жедел кезекшілердің жұмыс орнынан, кейіннен тиісті телерадио хабарларын тарату операторы мен теле-, радиокөпманияларға ауызша (таратуды тоқтатқан сәттен бастап он минуттан кешіктірмей) және бес жұмыс күннің ішінде жазбаша мәлімдей отырып, тікелей тоқтатылады.

Ағымдық телерадио хабарларын таратуды тоқтатудың біржолғы ұзақтығы бір сағат ішінде екі-үш рет қайталануы кезінде бес минуттан аспайды.

10. Теледидар және радио бағдарламаларын таратуды тоқтату кезінде тікелей эфирде дыбыстық хабарламаларды беруді уәкілетті органдардың жедел кезекшілері не телерадио хабарларын тарату операторлары мен теле-, радиокөпманиялар дикторлары жүзеге асырады.

11. Азаматтық қорғау аясындағы уәкілетті орган телерадио хабарларын тарату операторларымен және теле-, радиокөпманиялармен бірлесіп, тоқсанына кемінде бір рет техникалық құралдардың теледидар және радио хабарларын таратуды тоқтатуға әзірлігін тексеруді жүзеге асырады.